



## ИТАЛИЯМЕН ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ НЫҒАЯ ТҮСПЕК

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Италияға ресми сапары аясында екі ел арасында бірқатар келісімдерге қол қойылды.

Мұндай келісімдердің бірі - ҚР Ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбек пен Италияның Білім, университеттер және ғылыми зерттеулер министрі Анна Мария Бернини қол қойған «Өзара түсіністік туралы меморандум».

Меморандум алмасу рәсімі ҚР Президентінің Италияның Министрлер кеңесінің төрағасы Дж. Мелонимен кездесуі аясында өтті.

Мақсаты – жоғары білім, ғылыми зерттеулер мен инновациялар бағыты бойынша Қазақстан мен Италия арасындағы ынтымақтастықты нығайту.

Сапар барысында министрлердің екіжақты кездесуі өтті, онда ынтымақтастықты дамытудың негізгі бағыттары, әлемнің үздік ғылыми орталықтары мен университеттеріне «Қазақстанның 500 ғалымы» жобасы, «Болашақ» халықаралық стипендиясы талқыланды. ҚР Ғылым және жоғары білім министрі жоғары білім мен ғылыми зерттеулерді дамытуға ортақ міндеттемені білдіретін кездесуді ұйымдастырғаны үшін Анна Мария Берниниге алғысын білдірді.

«Қазақстан мен Италия жоғары білімнің болашақты қалыптастырудағы рөлін мой-

ындайды. Біз білімнің, инновацияның және жоғары білім берудегі кемелдікке ұмтылудың трансформациялық күшін түсінеміз. Бүгін біз білім беру байланыстарын нығайту және оқу орындары арасындағы ынтымақтастықты тереңдету жөніндегі миссиямызда біргеміз. Біздің елдеріміз қол қойған өзара түсіністік туралы меморандум бірлескен бастамалар, алмасу бағдарламалары және зерттеу серіктестігін нығайтуда берік негіз, басшылық болатыны сөзсіз. Осы меморандумның арқасында біздің оқытушы, студенттеріміз, зерттеушілеріміз және академиялық ортамыз білімдерімен алмасып, оны таратуға өз үлестерін қоса алатындай платформа құрамыз деп үміттенемін» - деді Саясат Нұрбек.

Білім беру саласында қазақстандық және итальяндық жоғары оқу орындары арасында 30-дан астам келісім жасалды. Студенттермен алмасу бағдарламалары бойынша белсенді ынтымақтастық жалғасуда (Сапиенца, Салерно, Кассино, Неаполь және Феррара университеттері).

Енді қазақстандық студенттер Италия жоғары оқу орнының филиалында оқуға және қос диплом алуға мүмкіндік алады. Олардың қатарында І.Жансүгіров атындағы Жетісу университеті де бар. Былтыр Жетісу университеті мен Марке политехникалық университеті арасында «Өзара түсіністік туралы меморандумға» қол қойылған болатын.

## Өткен жылдың үздіктері

**ҚР ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ  
ҰЙЫМДАСТЫРҒАН «ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРНЫНЫҢ ҮЗДІК  
ОҚЫТУШЫСЫ-2023» БАЙҚАУЫНДА ЖЕТИСУ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ  
ҮШ ОҚЫТУШЫСЫ ЖЕҢІМПАЗ АТАНДЫ.**

**ОЛАР: ФИЛОЛОГИЯ ҒЫЛЫМДАРЫНЫҢ КАНДИДАТЫ  
ШАРА ӘСЕТҚЫЗЫ, ПЕДАГОГИКА ҒЫЛЫМДАРЫНЫҢ  
КАНДИДАТЫ НАТАЛЬЯ ТУКЕНОВА, ЭКОНОМИКА  
ҒЫЛЫМДАРЫНЫҢ КАНДИДАТЫ ГҮЛНАР ЛУХМАНОВА.  
НАЗАРЛАРЫҢЫЗҒА ӨТКЕН ЖЫЛДЫҢ ҮЗДІК  
ОҚЫТУШЫЛАРЫМЕН БОЛҒАН СҰҚБАТТЫ ҰСЫНАМЫЗ.**



**- Шара апай, алдымен өзіңіз жайлы қысқаша баяндап өтсеңіз. Қайда білім алдыңыз, өскен ортаңыз жайлы білгіміз келеді?**

- Мен бала кезімнен заң қызметкері, адвокат болуды армандадым. Ол кезде осы мамандықты оқытатын елімізде екі-ақ университет болды. Оның бірі – Алматыдағы С. М. Киров атындағы ҚазМУ (қазіргі әл-Фараби атындағы ҚазҰУ), ал екіншісі Қарағанды мемлекеттік университеті.

Ал екінші ойым – жоғары оқу орнының оқытушысы болу еді. Менің әкем 50 жылдай мектепте қызмет атқарған. Мектеп директоры, қазақ тілі мен әдебиетінің мұғалімі болып істеді. Бірақ, мектепте мұғалім боламын деген ой менде мүлде болмады. Ал қазір ойлап қарасам, бәрібір ұстаздықты таңдап әкемнің жолын қуғандаймын.

**- Ғылым жолына қалай келдіңіз?**

- Бала кезімнен арманым іргелі оқу орнында оқу болатын. Қарағанды университетін ойлаған да жоқпын, себебі ол бізге алыс. Ал Алматы біздің астанамыз. Оның үстіне әкем С.М. Киров атындағы ҚазМУ-де оқыған, мен де сол оқу орнына түстім. Заң факультетіне түсу мүмкін болмады, шынымды айтсам, түсе алмадым. Амалдың жоғынан қазақ тілі және әдебиет мамандығына құжаттарымды тапсырып, оқуға түстім. Ол уақытта жолдасым агроном мамандығында оқып жүрген еді. Диплом алғаннан кейін біз ауылға қайтуымыз керек болды да біраз уақыт ауылда тұрдық. Мен мектепте мұғалім болып жұмыс істедім, бірақ ойымда үнемі жоғары оқу орнында жұмыс істеу тұрды. Талдықорған қаласына көшпес бұрын, мектепте облыстық деңгейде тәжірибелі мұғалімдер арасында байқау өтті. Бұл байқауда мен II орын алдым. Осыдан кейін Талдықорған қаласына көшіп келдік. Дәл сол уақытта Жетісу университетінде қазақ тілі және әдебиеті мамандығы ашылып, мектептің үздік, тәжірибелі оқытушыларын жинап жатыр екен. Осыны естіп, университетке оқытушы болып орналастым. Ол 1993 жыл еді.

Биыл Жетісу университетінде жұмыс істегеніме 30 жыл толып отыр. Жоғары оқу орнына келгеннен кейін ғылыммен міндетті түрде айналысу керек. Кафедра меңгерушісі бізге ғылыми атақ, дәреже болу шарт деген талап қойған соң, Алматыдағы Қазақ мемлекеттік университетінде аспирантурада оқыдым. Онда кандидаттық диссертация жазып, бір жарым жыл ішінде қорғап шықтым. Білім мен ғылымды қатар ала жүріп, бұл күнде қауымдастырылған профессор атандым.

**- «Үздік оқытушы - 2023» жеңімпазы атандыңыз, осы байқау туралы айтып берсеңіз?**

- «Үздік оқытушы – 2023» байқауының жеңімпазы атану ол үлкен қуаныш, зор мақтаныш. Республикалық деңгейдегі байқаудан орын алу деген оңай емес. Еліміздегі жоғары оқу орындарынан 768 оқытушы қатысып, соның ішінде 150 оқытушы ғана жеңімпаз атанды. Маңдай термен келген марапат, жеңіс деп ойлаймын. Осы жерде ерекше атап өтетінім, біз министрліктің бұл байқауға арналған арнайы платформасына өзіміздің жетістіктерімізді жариялап, ұпай жинадық.

(Жалғасы 2-бетте)

### МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫНЫҢ СҰҚБАТЫ ТАЛҚЫЛАНДЫ



2 бет



**КӨРКЕМ МІНЕЗ,  
КЕМЕЛ ОЙДЫҢ ИЕСІ**

4 бет

### COURSERA – ДОСТУПНОЕ ОНЛАЙН-ОБРАЗОВАНИЕ



7 стр.



**ХРУПКАЯ ДЕВУШКА СО  
СТАЛЬНЫМ ХАРАКТЕРОМ**

8 стр.



## МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫНЫҢ СҰҚБАТЫ ТАЛҚЫЛАНДЫ

Илияс Жансүгіров атындағы Жетісу университетінің профессор-оқытушылары мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Біз озық ойлы ұлт ретінде тек қана алға қарауымыз керек» атты сұқбатын талқылады. Жиынға университеттің қызметкерлері, оқытушы-профессорлық құрамы, Бақ өкілдері қатысты.

«Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Егемен Қазақстан» газетіне берген салиқалы да көлемді сұқбатын беріміз оқыдық. Бұл өткенге әділ баға беріп, елдің алдында тұрған маңызды міндеттерді межелейтін, мемлекет басшысының қоғаммен ашық диалогы деп ұқтық. «Медицина қызметкерлерінің, мектепте, колледжде және балабақшада жұмыс істейтін педагогтердің жалақысы өсті. Ұлттық қордан балаларға қаржы беру мәселесін реттейтін заң күшіне енді. Негізгі экономикалық көрсеткіштерді, оның ішінде инфляция деңгейін ескере отырып ең төменгі жалақыны анықтайтын әдістеме қабылданды» – деп әлеуметтік мәселені алға тартқан сөзінде үлкен мән жатыр. Мемлекет басшысы әр жолдау, әр сұқбатында білім мен ғылымды, педагогтердің әлеуметтік мәселесін назардан тыс қалдырмайтындағын аңғаруға болады, – деді университеттің жастар саясаты жөніндегі проректоры, з.ғ.к., профессор

Болат Сериев.

Тарих ғылымдарының кандидаты Салтанат Тыныстановна сұқбатта сөз болған Конституциялық сот туралы пікір білдірді.

«Конституциялық сот – ел азаматтарының конституциялық құқықтарының қорғалуының көпілі әрі Ата заңымыздың ережелерінің мүлтіксіз орындалуын қадағалайтын орган. Конституциялық соттың қайта қалпына келтірілуі аса қажетті бастама. Бұл – әділетті Қазақстанды құру кезеңінде құқықтық мемлекетті қалыптастыру жолындағы нық қадам» – деді тарихшы ұстаз. Ол сондай-ақ, Сот пен Кеңестің айырмашылығын айтып, құзіреттілігін түсіндіріп берді.

Кең көлемді сұқбатта барлық сала қамтылған. Еліміздің сыртқы саясатындағы көршілес елдермен қарым-қатынастың маңыздылығы айтылған. Мәселен, Қазақстанның бірнеше беделді халықаралық ұйымдарға төрағалық ететіндігі қуантады. Тәуелсіз Қазақстанның сыртқы саясаттағы рөлі әрқайсысымыз үшін маңызды – деді Сайлау Қожағұлов.

Жиында психология ғылымдарының докторы, профессор Хапица Наубаева, философия ғылымдарының кандидаты, аға оқытушы Амангелді Катенов, құрметті профессор Болат Молдабеков өз ойларын ортаға салды.



## ОҚЫТУШЫЛАРҒА АРНАЛҒАН ҚЫСҚЫ МЕКТЕП

І. Жансүгіров атындағы Жетісу университетінде ЖОО-ның профессор-оқытушылар құрамына арналған қысқы мектеп ұйымдастырылды.

Бұл бастаманың мақсаты біліктілікті арттыру, оқытушылар арасында тәжірибе алмасу және оқу процесіне жаңа инновациялық технологияларды енгізу.

Мемлекет басшысының Қазақстан халқына Жолдауында баяндалған тапсырмасына сәйкес ҚР-да білім беруді дамытудың 2022-2026 жылдарға арналған тұжырымдамасы қабылданған болатын. Жоғары білім беру саласындағы негізгі бағыттардың бірі педагог кадрларды даярлау сапасын арттыру және жаңғырту болып отыр.

Пленарлық отырыста «Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығы» филиалдарының басшылары, өл-Фараби атындағы ҚазҰУ, Абай артындағы ҚазҰПУ профессорлары, «Rich TELS» психологиялық сүйемелдеу

орталығының маманы баяндама жасады. Пікірталастардың негізгі тақырыбы білім алушының деңгейін бағалау, жоғары оқу орындарында педагогикалық пәндерді оқытуда қолданылатын әдістер мен тәсілдер, сондай-ақ ерекше қажеттіліктері бар студенттермен жұмыс істеудегі психологиялық аспектілер болды.

Секциялық отырыста «Coursea» халықаралық білім беру платформа-сында ашық онлайн-курстарды тегін игеру тәжірибесі талқыланды. Жобаға қатысушылар коммуникация, кәсіпкерлік, көпбасшылық және менеджмент, компьютерлік бағдарламалау, сондай-ақ бизнес-талдау дағдыларын табысты игере алды. Бұл онлайн-платформа биыл оқытушыларға мол мүмкіндік бермек.

Төрт күндік қысқы мектепте 6 топ бойынша форсайт-сессиялар, семинарлар, лекториялар, тренингтер, шеберлік сыныптары өтті.

## Өткен жылдың үздіктері

(Жалғасы. Басы 1-бетте)

Сол баллдың негізінде әділетті түрде жеңіске жеттік. Бұл жетістік университеттегі ғылыми еңбегіміздің, оқу-әдістемелік жұмыс және үздік шәкірттеріміздің арқасында деп ойлаймын. Осындай жеңісті өзіміз барлық әріптестеріме тілеймін. Өз басым өте қуаныштымын. Зейнет жасында болсам да 30 жылдық еңбегімнің нәтижесін көріп, жеңімпаз атанып, университет имиджін, әріптестерімнің беделін көтеріп, жетістікке жеткеніме дән ризамын.

**- Ғылым саласында жеткен жетістіктеріңіз, шәкірттеріңіз туралы не айтасыз?**

- 100-ден астам ғылыми мақаланың, оның ішінде «Илияс Жансүгіровтің рухани өлемі», «Жетісудың әдеби шежіресі» атты монографияның, «Жетісу әдебиеті», «Өлең өрімі», «Тест тапсырмалары», «Қазақ лирикасы», «Илияс Жансүгіров шығармаларын жаңаша оқыту» атты оқу құралдары мен «Алаш дәуірі әдебиеті», «Илиястану» оқулықтарының авторымын. «Ақынның қызыр ие жолдасы бар», «Аңызға бергісіз ғұмыр», «Дария кеуде тау мүсін», «Илияс тағылымы», «Илиястану ілімдері» атты жинақтарын, «Илияс Жансүгіров» библиографиялық көрсеткішін, «Илияс Жансүгіров» энциклопедиясын құрастырушымын. 2023-2025 жылдарға арналған ғылыми және ғылыми-техникалық жобалар бойынша гранттық қаржыландыру конкурсының жеңімпазы, жоба жетекшісімін.

«Қазақстан Республикасының ғылымын дамытуға сіңірген еңбегі үшін», «Илияс Жансүгіров», «Ерен еңбегі үшін» төсбелгілерімен марапатталдым.

**Сұқбатыңызға рақмет, лайым ғылым мен білім саласындағы еңбегіңіз елене берсін!**

Аян АЙДАРҚЫЗЫ,  
ЖПҚ-411 топ студенті.



**Туқенова Наталья Иембереновна, педагогика ғылымдарының кандидаты, АКТ білім беру бағдарламасының жетекшісі.**

**- Ғылым жолына қалай келдіңіз?**

- Жоғары оқу орнында қызмет істеген әрбір оқытушы ғылыммен айналысуы керек. Ғылымға 2000 жылдан бастап ден қойдым. 2001 жылы қашықтықтан оқыту туралы мақала жарық көрді. Бүгінгі таңда 100-ден астам ғылыми мақалалар, МООК әзірлемелері, оқу-әдістемелік құралдарым бар. Ғылыми жетекшілерім профессор Е.Ы. Бидайбеков, В.В. Гриншкун. Қазақстанда және шет елде ғылыми жұмыстарымен, жазған оқулықтарымен танымал болған ғалымдардың алдын көргенімді мақтан тұтамын. 2010 жылы «Ақпараттық жүйелер мамандығы бойынша мәліметтер қорын пайдалану арқылы мультимедиялық технологияларды пайдалану» атты өзекті тақырыпта кандидаттық диссертация қорғадым.

**- «Үздік оқытушы-2023» байқауының жеңімпазы атандыңыз, құтты болсын!**

- Иә, бұл «үздік» атағын алғаным аса қуаныштымын. Бұл менің көп жылғы еңбегімнің нәтижесі деп білемін.

Еш нәрсе оңайлықпен келмейді. Скопустағы ғылыми мақалалар, ККСОН, халықаралық журналдар, ЖАОК әзірлеу, CURSERA сертификаттары, студенттермен халықаралық және республикалық конкурстар, шетелдік ғалымдармен бірлескен жариялымдар.

Мен бұл байқауға үш жыл қатарынан қатыстым. Бірінші жылы университетте өткен алғашқы кезеңде 0,5 ұпай жетпей қалды, екінші жылы менің нәтижелерім жоғары болды, алайда техникалық ақауларға байланысты жеңімпаздар тізіміне енбей қалдым. Бірақ мен қарап отырмай өзімнің құқығымды қорғап, тиісті жерге жүгіндім. Маған қайтадан конкурсқа қатысуға мүмкіндік берілді. Быыл да ұпай саны бойынша бірінші болып, жеңімпаздар тізіміне іліндім. Мұндай сезімді сөзбен айтып жеткізу мүмкін емес. Бірақ менің ойымша, барлық кәсіби білімі және жетістіктері бар оқытушылар бұл атаққа ие бола алады. Бұл әрі ашық және объективті түрде болатын платформа. Сондықтан қатысыңыздар, ұмтылыңыздар және университеттің үздік оқытушысы атаныңыздар!

**- Сұқбатыңызға рақмет!**

Аялым БЕЙСЕНБЕКОВА,  
ЖПҚ-411.



**Лухманова Гүлнар Койшыбайқызы, экономика ғылымдарының кандидаты, лектор-оқытушы.**

**- Гүлнар Койшыбайқызы өмірбаяныңыз туралы қысқаша айтып өтсеңіз, туып-өскен жеріңіз, қайда оқыдыңыз?**

- Мен 1974 жылдың 13 қаңтарда Сарыөзек кентінде дүниеге келдім. 1989-1992 жылдары Талдықорған мал-дәрігерлік техникумы «Шаруашылық қызмет бухгалтерлік есебі, бақылауы және талдауы» мамандығын тәмамдап, 1992-1996 жылдары Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінде «Еңбек және бизнес» мамандығы бойынша білім алдым. Мектеп, техникум және университетті үздік дипломмен тәмамдадым.

**- Ғылым жолына қалай келгеніңіз туралы айтып беріңізші?**

- Еңбек жолымды 1996 жылдан бастадым. М.Арын атындағы №24 «Экономика және бизнес» лицейінде, Талдықорған экономика-технологиялық колледжі, І.Жансүгіров атындағы Жетісу университеті, Қазақ ұлттық аграрлық университеті, «Нархоз» университеттерінде қызмет еттім.

Жалпы педагогикалық өтілім - 27 жыл болса, оның ішінде ғылыми-педагогикалық өтілім - 21 жыл. Экономика ғылымдарының кандидатымын. 100 астам ғылыми және әдістемелік еңбектерім бар, соның ішінде 13 Web of Science және Scopus базасы журналдарындағы мақала, 40 астам Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған журналдардағы мақала, 7 оқу құралым бар. Хирш индексі 5. Мен дайындаған студенттер министрлік тарапынан қаржыландырылатын гранттық жобалар орындаушысы, «Дарын» ғылыми жоба республикалық конкурсының, студенттік олимпиадалар жеңімпаздары.

Еңбек жолымда э.ғ.д., профессор, ҚР ҰҒА академигі Укиляй Керімқызын мен ұлағатты ұстаз Разида Жаппарханқызын үлгі тұтамын.

Нүрила КАРИМАНОВА,  
Назерке КӘКИМОВА.



Осыдан тура 30 жыл бұрын, 1994 жылдың қыркүйегінде І.Жансүгіров атындағы Талдықорған университетінде қазақ тілі мен әдебиеті мамандығы жаңадан ашылып жатқан тұста оқытушылық қызметке Мұратбек Мұбаракханұлы екеуіміз бірге қабылдандық. Сол күннен басталған біздің әріптестік жолымыз үлкен достыққа ұласты. Сол сыйлас жанға айналған Ілиястанушы ғалым, филология ғылымдарының докторы, профессор Иманғазинов Мұратбек Мұбаракханұлы бүгінде алпыстың асқарына шығып отыр.

Мерейлі жас ол сенің жүріп өткен жолыңа есеп беріп, өткеніңді бағамдап, баға беретін күнің іспетті. Сол сәтте маңдай төрің тегілген еңбегіңнің нәтижесімен бағындырған белестеріңді, асқан асуларыңды, орындалған армандарыңды, қол жеткізген мақсаттарыңды қанағат тұтып, болашаққа бағдар жасайсың. Өткен күнге ой жүгіртсем, досымның ғылымдағы ізденісі, ұлағатты ұстаздық жолы, отбасындағы тіршілігі санамда қайта жаңғырады.

Оның текті тұлғасының, бекзат болмысының, кербез келбетінің, кішіпейіл мінезінің түп негізі өскен ортасынан, топырағы киелі туған жерінің табиғатынан бастау алады. Мұратбек



жолындағы «инемен құдық қазғандай» еңбегінің нәтижесінде филология ғылымдарының докторы, профессор Т.Көкішұлының жетекшілігімен 2008 жылы «Қазақ және антика әдебиеттеріндегі сюжеттік үндестіктер» атты докторлық диссертациясын қорғады. Көне мифтер, көне құдайлар туралы және қазақ әдебиеті мен шетел әдебиетінің сабақтастығын бар ынта-ықыласымен сөз етуі ғалымды ерекше шабыттың шыңына жетеледі.

Сарқылмас шығармашылық қайраты, кең ой-өрісі, табандылығы, жемісті ғылыми-педагогикалық жұмысының арқасында профессор Мұратбек Мұбаракханұлының еңбегі жоғары бағаланып, лайықты құрметке бөленді. 2008 жылы «ЖОО-ның үздік оқытушысы» атағын алды, 2012 жылы ҚР Білім және ғылым министрлігінің іргелі және қолданбалы зерттеулер жобасының грантына ие болды. 2009 жылы Греция, Италия, Германия мемлекеттеріндегі жоғары оқу орындарында, 2014 жылы «Болашақ» бағдарламасы аясында М.В.Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университетінде ғылыми тағылымдамадан өтті.

Қазір «Ілиястану» ғылыми-практикалық орталығының

шыққан 20 томдық еңбектің жауапты шығарушысы, редколлегия мүшесі. Оның ғылыми-зерттеу жұмыстарының нәтижелеріне ғалымдар белсенді сілтеме жасап, оқу үдерісінде қолдануда. Қазақ және орыс тілінде жазылған «Ілиястану» оқулығы университеттегі барлық мамандықта оқытылатын «Ілиястану» пәнінде пайдаланылады.

Отбасындағы бақыты – ол жеке еңгіме. Жүрегіне иман ұялаған, «ұяда ілгені бар» ибалы жан-жары Жемісжанды досымыздың маңдайына бұйырған бағы деп бағалаймыз. Олардың танысып жұптасуының өзі де романтика. Жемісжан да әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің химия факультетінде оқыған. Аққу мойын, аққұба өңді, қиғаш қасты, бойы сұңғақ аруды көргенде «осы қыз менің болашақ жарым болады» деп бірден сөз салады. Оқу бітірген соң отбасын құрады. Жемісжан ер азаматының ғылым көкжиегіне көтерілуіне жан-жақты қолдау көрсетті. «Наурыздың ақша қарындай» сұлулығы, келісті кербездігі ішкі жан дүниесімен үйлестік тапқан Жемісжан шаңырағының ұйытқысы, берекесі. Екеуі үш бала тәрбиелеп отыр. Тұңғыш қыздары Гүлнұр Абылайхан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және өлем тілдері университетінің ағылшын және корей тілі мамандығын тәмамдап, Оңтүстік Корея республикасы Пусан қаласындағы университетте магистратура бітірді. Қазір Катар мемлекетінде қызмет жасайды. Ортаншы қызы Назерке С.Ж.Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университетін бітірген, тұрмыс құрған, үш баласы бар, жолдасы Думан әскери қызметте. Үйдің ерке кенжесі Қасымхан политехникалық колледжде оқиды. Қасымханның дүние келуінің өзі бір тарих. Мұрат өзі төрт қыздың ортасында ерке болып өскен жалғыз ұл болғандықтан, қарт ата-анасы ашық айтпаса да іштей сол жалғыз ұлының ұрпағын жалғастырар ұл болса екен деп тілейді. 2004 жылдың тамыз айында Мұраттың жетекшісі Көкішев Тұрсынбек ағай мен Халық қаһарманы Қасым Қайсенов өзінің

# КӨРКЕМ МІНЕЗ, КЕМЕЛ ОЙДЫҢ ИЕСІ

(Мұратбек Мұбаракханұлы 60 жаста)

Мұбаракханұлы Алматы облысы Алакөл ауданы Тоқжайлау (бұрынғы Дзержинск) ауылында 1964 жылы 4 ақпанда дүниеге келді. Тоқжайлау ауылының тұнып тұрған табиғаты бала Мұратбектің санасына сұлулықтың сырын ұқтырды, жүрегіне нәзіктікті ұялатты.

Төрт қыздың ортасында жалғыз ұл боп ерке өскен Мұратбектің де мінезі «жібектей есілген» биязылықпен қалыптасты. Әкесі Мұбаракхан сөз қадірін білген, көкейіне келген келелі ойын «тобықтай түйінге» сыйдырған, шабыты келгенде домбыраның сазды үніне өз әуенін үйлестірген кемел адам болған. Қазақтың шежіре дастандарын, ескі еңгімелерін көп білген. Әкенің бойындағы осы қабілет-қарымы ұлына дарыды, ер жетті, есейді, оңы мен солын таныды. 1982-1984 жылдары Кеңес Одағы қарулы күштері қатарында болды. Әскерден оралған соң алғашқы еңбек жолын 1984-1986 жылдары құрылыста жұмысшы болып бастады. 1986 жылы әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің журналистика факультетіне оқуға түсуі арман қуған жастың жарқын болашағына жасаған маңызды қадамы еді. Студенттік белсенді өмірге бел шеше кірісті, университеттегі жастар ұйымының, кәсіподақ ұйымының төрағасы болды, жастар мәселесінің түйінін оңтайлы шешілуіне ат салысты. Университетті 1991 жылы үздік дипломмен аяқтап, сол жылы Талдықорған қаласындағы Ілияс Жансүгіров әдеби музейіне ғылыми қызметкер болып қабылданды. Міне, жас зерттеушінің ғылымдағы алғашқы ізденіс іздері осылай басталды.

Шығармашыл тұлғаның зерттелінбей жатқан тұстарын ғылыми айналымға түсірсем деген айқын мақсат, асқақ мұрат Жетісу өлкесінде алғашқы сарабдал Ілиястанушы ғалымды қалыптастырды. 1995 жылы І.Жансүгіровтің туғанына 100 толуына орай ең алғашқы ғылыми еңбегі «Жан қайығын жарға ұрдым» деген естеліктер жинағы жарыққа шықты. Осы тұста І.Жансүгіровтің қызы Ильфа Ілиясқызы Мұраттың политехникалық колледждің жатақханасында тұратынын көріп, «ғылыммен айналысу үшін адамға жағдай керек, мына жер саған қолайсыз болады, қаладағы Қаратал шағын ауданында біздің үйімізге барып тұр» деп ұсыныс айтады. Көп ұзамай сол үйге

Мұрат шаңырағымен көшіп барады. Ілиястай ұлы тұлғаның ұрпағынан қалған бұл шаңырақ Мұрат үшін де қасиет қонған құт мекен болды. 1998 жылы филология ғылымдарының докторы, профессор Т.Көкішұлының жетекшілігімен «Ілияс Жансүгіровтің шығармашылық лабораториясы (прозалық туындылары негізінде)» тақырыбында кандидаттық диссертациясын қорғады. Ол – Жетісу өңірінде қазақ әдебиетінен ғылым кандидаты дәрежесін алғаш алған ғалымның бірі. Мұратбек Мұбаракханұлының Ілияс мұрасына деген қызығушылығы, сол мұраны бүгінгі және келешек ұрпаққа қайтаруға, жастарды осы біліммен қаруландыруға деген ғалымның ыстық ықыласы кәсіби қызметінде оны өрге жетеледі. Оның ғылыми-педагогикалық қызметі өз мамандығына аянбай қызмет етудің тамаша үлгісі болып табылады.

**Филология ғылымдарының докторы, Ілияс Жансүгіров атындағы Жетісу университетінің профессоры, Иманғазинов Мұратбек Мұбаракханұлы, Алматы облысы, Алакөл ауданы, Тоқжайлау ауылында 1964 жылы 4 ақпанда дүниеге келді. Алғашқы еңбек жолын 1984-1986 жылдары құрылыста жұмысшы болып бастаған. 1986 жылы әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетіне түсіп, 1991 жылы үздік дипломмен бітірді.**

**1991 жылы Талдықорған қаласындағы Ілияс Жансүгіров әдеби музейінің ғылыми қызметкері, ал 1992 жылдан бастап Ілияс Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университетінің оқытушысы болып қызмет атқарады.**

**1995-1998 жылдары ҚазҰУ-дың аспиранты. 1998 жылы «Ілияс Жансүгіровтің шығармашылық лабораториясы прозалық туындылары негізінде» тақырыбында кандидаттық диссертация қорғады (ғылыми жетекшісі ф.ғ.д., профессор Т.Көкішұлы).**

**2001 жылдан қазақ филологиясы кафедрасының доценті. 2000-2002 жылдары әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың докторанты.**

**2008 жылы «Қазақ және антика әдебиеттеріндегі сюжеттік үндестіктер» атты докторлық диссертация қорғады (ғылыми кеңесшісі ф.ғ.д., профессор Т.Көкішұлы). 2008 жылы ҚР Білім және ғылым министрлігінің Республикалық грантына ие болып, «ЖОО үздік оқытушы-2008» төс белгісін алды. Қазір «Ілиястану» ғылыми-практикалық орталығының меңгерушісі.**

Мұратбек Мұбаракханұлы әртүрлі кезеңдегі шетел әдебиетінің тарихы және өлемдік көркем әдебиет бойынша курстардан сабақ берді. Бұл ғалымның өлем әдебиетін өзгеше қырынан, қазақ әдебиетімен үндестікте зерттеуге деген ынтасын тудырды. Зерттеуші ғалымның жоғары эрудициясы мен дарыны оған ең күрделі ғылыми мәселенің де сәтті шешімін табуға мүмкіндік берді. Ғылым



туған жері Шығыс Қазақстан облысы Ұлан ауданы Асу-бұлақ ауылына жолға шығады да, жол жөнекей Мұраттың шаңырағына соғып, дәм татады. Дастархан басында мән-жайды ұққан батыр атамыз Қасым Қайсенов қолын жайып «атқа мінер, қамшы ұстар ұл келсін шаңыраққа» деп ақ батасын береді. Міне, үйдің сүт кенжесі Қасымхан осындай үлкен тілекпен, арманмен дүниеге келген бала.

Мерейтой дегеннің өзі сол адамға деген жылы лебізді білдірудің тамаша мүмкіндігі. Мұратбек Мұбаракханұлы өз айналасында шығармашылық бәсекелестік атмосферасын құрды. Ол өзінің тұлғалық болмысымен, пайым парасатымен, адами қалпымен, мәрттігімен, сөздің қадір қасиетін күнтітай алатын пәлсапашыл саңлақ санасымен ұжымда, достарының ортасында, отбасында құрметке бөленген жан. Досыма тілегім, ізгілік ұялаған рухани болмысымен елі елейтін, халқы қалайтын Ел ағасы болсын!

**Мамиля ЖАҚЫПБЕКОВА,**  
қауымдастырылған профессор, филология ғылымдарының кандидаты.



## Әрбір жақсы нәрсенің өлшеуі бар...

Хақим Абай өзінің қара сөзінде «Әрбір жақсы нәрсенің өлшеуі бар, өлшеуінен асса - жарамайды. Өлшеуін білмек - бір үлкен керек іс» деген екен. Кейде жақсы нәрселер аяқталады, сонда одан да жақсы нәрсе басталады. Менің мамандығым - журналист. Өзім қалап, тандап түстім. Қазір 4-курс студентімін. Соңғы семестр. Оқудың бітуіне санаулы ғана күндер қалды. Осы уақытта университет маған біраз нәрсені үйретті. Адал достар, білімді ұстаздар, жақсы орта, тіпті өміріме ең жақын болып кеткен адамдарды кездестірдім. Университетте өткен төрт жылым көзді ашып-жұмғанша сырғып, ұстаздар мен тобымның арқасында қызықты өтті. 1-курс - карантин, 2-курс - сү-

жет, 3-курс - ғылыми жобалар болса, 4-курс - қорытынды жыл болып жатыр. Оқу жылы тез бітсе екен, тезірек үлкен өмір басталып, жұмыс жасасам екен дейтінмін. Бірақ, соңғы емтихандарды тапсырып, соңғы дәрістердің біткенін сезінгенде қимастық сезімі болады екен. Бәрін түсініп, алдағы уақытта бұдан да жауапты болу керек екені, үлкен өмір белесі басталғалы жатқаны толқытады.

Дегенмен, университетте алған білімімнің арқасында, бұдан да жақсы ортаға барамын деп сенемін. Сондықтан да, әрбір уақытты бағалап, дәл сол сәтпен өмір сүре білу керек.

Назерке КӘКІМОВА.

## МЕН ОҚЫҒАН БІР КІТАП

### Сенім секірісі

Жақында Стив Харвидің «Прыжок веры» кітабын оқып бітірдім. Бұл кітап өмірден өз орнын таба алмай жүргендерге, жақсы өмірді армандайтын, бірақ ол үшін ештеңе істемейтіндерге немесе тәуекелге барудан қорқатын жандарға арналған. Стив Харви - табысты американдық комик, шоумен, актер, музыкант және жазушы. Оның өнерін бүкіл Америка тыңдайды және көреді, сонымен қатар ол бүкіл әлемге танымал.

Стив Харви қазір әлемдегі ең табысты және бай адамдардың бірі. Оның өмірі мен басынан өткерген барлық қиындықтар көпшілікті шабыттандырады. Менің ойымша, «Прыжок веры» ол жазған ең сәтті кітаптардың бірі. Бұл кітапта автор өз өмірі мен басынан өткен оқиғалары туралы әңгімелейді. Ол өмір сені аямайды, егер сен өзің өміріңді өзгертпесең, онда сен әрқашан бір орында қаласың деп жазады. Оны колледжден қуып, жұмыстан шығарып, жақындары да тастап кеткен. Ол өз кітабында бұл өмірдің «шапалағы» екенін және барлық шапалақтарды секіріспен қабылдағанын жазады. Секіру - бұл тәуекел және белгісізге қадам. Оның барлық секірістері ақырында теледидарда жұмыс істеу арманына әкелді. Бұл кітап мені қатты шабыттандырды және ынталандырды. Стив Харви біраз уақыт



баспанасыз болып, жейтін ештеңесі жоқ, қанша қиындық көрсе де, берілмей, бұл өмірден өз орнын тапты. Бұл кітапты оқығаннан кейін мен біздің бүкіл өміріміз тек өзімізге байланысты екенін және секіруден, тәуекелге барудан қорықпау керектігін түсіндім. Өмірде көптеген сүрінулер болады, бірақ біз сенімімізді жоғалтпай, арман мақсаттарымызға талпынуымыз қажет. "Егер сіз өзіңіздің өміріңізде бұрыннан бар нәрседен де көп болуы керек деген оймен оянсаңыз, оның солай екеніне сеніңіз. Оның дәл солай болуы керек екеніне шын жүректен сенуіңіз керек. Бірақ бақытты өмірге жету үшін сізге секіру қажет".

Аян АЙДАРҚЫЗЫ,  
ЖПҚ-311.



## Дос - адам жанының айнасы

Өмірде бәрі уақытша. Ақша, жұмыс, атақ, мансап... Тұрақты тек адамдық қарым-қатынас. Адамға шынайы бақытты сезіну үшін адам керек. Достық — адамдардың бір-бірін қажетсінуінен, құрмет тұтуынан, шынайы тілектестіктен, сенімнен құралады.

Достық - адамдардың бір-біріне қаншалықты қызықты, маңызды және құнды екенін көрсететін көрсеткіш. Достықтың негізгі сапалық көрсеткіштері – сенім, төзімділік, өзара түсіністік, сыйластық, өмір жолында кездесіп, қиын жағдайда қол ұшын беріп, қасында болу.

Бұл тіпті адамдар арасындағы көп кездесе бермейтін қасиет деп те айта аламыз. Нағыз достар бірін-бірі ым-шара арқылы-ақ түсінеді. Дос - бұл сені ойлайтын адам. Сізге көңіл бөлетін, сізді қолдайтын, сіздің эмоцияларыңызға,

проблемаларыңызға, жеткен жетістіктеріңізге, жеңістеріңіз бен жеңілістеріңізге бей-жай қарамайтын жақын жан. Қазіргі уақыт тапшы заманда адамдармен араласу, дос болу бізге бұрынғыдан бетер қажет. Достық – бұл өмірдегі ешнәрсемен бағаланбайтын құндылық.

Сондықтан да адал дос табу қиын. Ал достыққа сына түсірмей сақтау одан да қиын. Достық қатынас нәзік жіп секілді, берік сенім болмаса үзіліп кетеді. Баптауды қажет ететін өсімдік сияқты. Сенім мен адалдық – достықты берік ететін тірек саналады. Өзі шынайы дос бола білген адамның достары да көп болады және өзін жалғыз сезінбейді.

Нұрилла КАРИМАНОВА.

## Жоқтау

Апам әдеттегідей пешке арқасын сүйеп, ұршық иіріп отыр. Қасында ауыл-аймақты әңгіме етіп отырған көрші әжейдің ендігі сөзі о дүниеге қарай ауысып:

– Жамал, мен өлсем жоқтайсың ба? – деді.

Апам жақсы көретінін, жақсы әрі жақын кісі екенін, олай-бұлай болып жатса жоқтайтынын айтты. Бұл сөздерге қанағаттана қоймаған көрші әжей сол жоқтауды көзінің тірісінде, дәл қазір естігісі келетінін аңғартты. Осы сөзді күтіп отырғандай тыңдағанның сай-сүйегін сырқыратып, дауыс шығарып тұрып жоқтады апам.

Көзінің жасы терең әжімдерінің арасымен сырғи ағып отырған әжейдің жүзінен қуаныштың да табы байқалады. Ол өмірден өткен жағдайда жоқтаусыз қалмайтынына деген сенімнің қуанышы еді.

Олжас СӘНДІБЕК.



## ӘҢГІМЕ



## Құрғақ жиде

